

OMRON Білекке тағылатын автоматты қан қысымы мониторы

RS3 Intelli IT (HEM-6161T-E) Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

IM-HEM-6161T-E-KZ-03-01/2022

Шығарылған күні: 2022-06-27

All for Healthcare

Мазмұны
Кіріспе <div> <p>Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат</p> <ol style="list-style-type: none">Монитор туралы ақпарат Дайындау шаралары Мониторды пайдалану Басқа параметрлер Қате туралы хабарлар және ақаулардың диагностикасы Профилактикалық жеңдеу жұмыстары Шектеулі кепілдік Шектеулі кепілдік Нұсқаулық және өндіруші мәлімдемесі</div>

Кіріспе

RS3 Intelli IT білекке тағылатын автоматты қан қысымы мониторын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұл мониторды білекке тағу керек.

Бұл қан қысымы мониторы қан қысымын өлшеудің осциллометриялық әдісін пайдаланады. Манжета үрленген кезде, бұл монитор манжетаның астындағы қүретамыр қысымының жиілігін сезеді. Тамыр соғу жиілігі осцилляторлық жиілік деп аталады. Электронды қысым датчинінде қан қысымының цифрлық көрсеткіштері көрсетіледі.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Бұл пайдалану нұсқаулығында RS3 Intelli IT білекке тағылатын автоматты қан қысымы мониторы туралы маңызды ақпарат берілген. Бұл мониторды қауіпсіз әрі дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік және пайдалану нұсқауларын толық ОҚЫП, ТҮСІНІҢІЗ. Егер бұл нұсқауларды түсінбесеңіз немесе қандай да бір сұрақтарыңыз болса, бұл мониторды пайдалану алдында OMRON бөлшек дүкеніне немесе дистрибьюторына хабарласыңыз. Қан қысымыңыз туралы арнайы ақпарат үшін дәрігермен кеңесіңіз.

Тағайындалуы

Бұл құрылғы — білек орамы 13,5–21,5 см болатын ересек адамдардағы қан қысымын және тамыр соғу жиілігін өлшеуге арналған цифрлық монитор. Бұл аспапөлшеу барысында қалыпсыз жүрек соғысының пайда болуын анықтайды және мұны өлшем нәтижесі бар белгі арқылы көрсетеді. Көбінесе үй жағдайларында пайдалану үшін ұсынылады.

Алу және тексеру

Осы мониторды қаптамадан алып, зақымдану жоқ екенін тексеріңіз. Егер осы монитор зақымдалса, ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ және OMRON бөлшек дүкеніне немесе дистрибьюторына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат

Бұл мониторды пайдалану алдында осы пайдалану нұсқаулығының Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат бөлімін оқыңыз. Қауіпсіздік мақсатында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият орындаңыз.

Анықтамалар алу үшін сақтап қойыңыз. Қан қысымыңыз туралы арнайы ақпарат үшін ДӘРІГЕРМЕН КЕҢЕСІҢІЗ.

⚠Ескерту

• Бұл мониторды сәбилерге, бүлдіршіндерге, балаларға немесе өз ісіне жауап бере алмайтын тұлғаларға ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

• Бұл қан қысымы мониторының көрсеткіштерінің негізінде емді РЕТТЕМЕНІЗ. Емді дәрігердің сипаттамасымен қабылдаңыз. Жоғары қан қысымын ТЕК білікті дәрігер диагностикалап, емдеуі қажет.

• Бұл мониторды жарақаты бар немесе ем қолданылып жатқан білекке ТАҚПАҢЫЗ.

• Егер қолыңызға көктамыр ішілік тамшылатқыш қойылған болса немесе қан құйылып жатса, манжетаны білекке тағуға БОЛМАЙДЫ.

• Бұл мониторды жиілігі жоғары (ЖЖК) хирургиялық жабдық, магниттік-резонанстық томография (МРТ) жабдығы, компьютерлік томография (КТ) сканерлері орнатылған аймақтарда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл монитордың дұрыс жұмыс істемеуіне және/немесе қате көрсеткішке әкелуі мүмкін.

• Бұл мониторды құрамында оттек көп орталарда немесе оңай тұтанғыш газдың қасында ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
• Жүрекше немесе қарыншалық экстрасистоалар не жүрекше фибрилляциясы, артериосклероз, нашар перфузия, қант сусамыры, жүктілік, преэклампсия немесе бүйрек ауруы сияқты жалпы аритмия болса, осы мониторды пайдалану алдында дәрігермен кеңесіңіз. Емделушінің қозғалысына, дірілдеуіне немесе қалтырауына қосымша осы күйлердің көз келгені өлшеудің көрсеткішіне әсер етуі мүмкін екенін ЕСКЕРІҢІЗ.
• Көрсеткіштердің негізінде ЕШҚАШАН өзінiз диагностикаламаңыз немесе емдемеңіз. ҮНЕМІ дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
• Егер сабилер жұтып қойса, бұл өнімнің ішінде тұншығу қаупін тудыруы мүмкін ұсақ бөлшектер бар.

Деректерді тасымалдау

• Бұл өнім 2,4 ГГц жиіліктегі радиожиіліктерін (РЖ) шығарады. Бұл өнімді ұсақ немесе ауруханалар сияқты РЖ шектеулі орындарда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. РЖ шектеулі аймақтарда болғанда, осы монитордағы Bluetooth функциясын өшіріңіз және батареяларды алыңыз.

Батареяны қолдану және пайдалану

• Батареяларды сабилердің, бүлдіршіндердің және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

⚠Назар аударыңыз

• Егер төрі тітіркеніп немесе жағымсыз жағдайды байқасаңыз, осы мониторды пайдалануды тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз.

• Тамыр ішілік дәрі құю немесе ем жасалған не артерия-тамырлық (А-V) шунт бар білекке осы мониторды тақпай тұрып, дәрігермен кеңесіңіз, кері жағдайда қан ағынына жасалатын уақытша кедергі жарақаттануға әкелуі мүмкін.
• Егер сізге мастектомия жасалса, осы мониторды пайдалану алдында дәрігермен кеңесіңіз.
• Егер қан ағынына қатысты қауіпті ақаулар немесе қан аурулары болса, осы мониторды пайдалану алдында дәрігермен кеңесіңіз, себебі үрленетін манжета қанталауға әкелуі мүмкін.
• Өлшеу процедурасын көп ОРЫНДАМАҢЫЗ, себебі қан ағынына келетін кедергі жарақат алуға әкелуі мүмкін.
• Білек манжетасын білекке тағылған кезде ҒАНА үрлеңіз.
• Өлшеу барысында білек манжетасы ауа шығармаса, оны алып тастаңыз.
• Бұл мониторды қан қысымын өлшеуден басқа мақсатқа пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫҢҒАН.
• Өлшеу барысында осы монитордан 30 см қашықтықта электромагниттік өрістерді шығаратын мобилдік құрылғы немесе қандай да бір басқа электрлік құрылғы жоқтығына көз жеткізіңіз. Бұл монитордың дұрыс жұмыс істемеуіне және/немесе қате көрсеткішке әкелуі мүмкін.
• Осы мониторды немесе басқа компоненттерді бөлшектеуге немесе жөндеуге ӘРЕКЕТТЕНБЕҢІЗ. Бұл дұрыс емес оқуға әкелуі мүмкін.

• Ылғал немесе осы мониторға су шашырау қаупі бар орында ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл осы мониторды зақымдау мүмкін.
• Бұл мониторды автокөлік сияқты қозғалыстағы көлікте ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
• Осы мониторды құлатып алмаңыз, қатты соққыға немесе дірілге УШЫРАТПАҢЫЗ.
• Оны ылғалдылығы жоғары немесе төмен не температурасы жоғары не төмен орындарда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. 7-тарауды қараңыз.
• Өлшеу кезінде білекті тексеру арқылы бұл монитордың қан айналымына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.
• Бұл мониторды медициналық клиникалар немесе дәрігер кабинеттері сияқты пайдалану жиілігі жоғары орталарда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
• Бұл мониторды басқа медициналық электрлік (МЭ) жабдықпен бір мезгілде ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл монитордың дұрыс жұмыс істемеуіне және/немесе қате көрсеткішке әкелуі мүмкін.
• Өлшеу жасауға дейінгі кемінде 30 минут аралығында суға түсуге, алкоголь немесе кофеин қабылдауға, шылым шегуге, дене жаттығуларын орындауға және ас ішуге болмайды.
• Өлшеуге дейін кемінде 5 минут бойы демалыңыз.
• Өлшеу барысында білегіңізден жабысып тұратын, қалың киімді және әшекейлерді шешіңіз.
• Өлшеу кезінде қозғалуға және сөйлеуге БОЛМАЙДЫ.
• Бұл мониторды білегінің орамы манжетаның бекітілген ауқымына сәйкес келетін адамдарға ҒАНА тағыңыз.
• Өлшеу жасау алдында, осы монитор бөлме температурасына бейімделгенін тексеріңіз. Температура қатты өзгергеннен кейін өлшеу жасау қате көрсеткішке әкелуі мүмкін. Монитор ең көп немесе ең аз сақтау температурасында сақталғаннан кейін, ол пайдалану шарттарында көрсетілген температура шегінде пайдаланылғанда, OMRON компаниясы монитордың жылы немесе салқындауы үшін шамамен 2 сағат күтуді ұсынады. Пайдалану және сақтау/тасымалдау температурасы туралы қосымша ақпаратты 7 бөлімінен қараңыз.
• Білек манжетасын қатты бүгуге БОЛМАЙДЫ.
• Құрылғыны және пайдаланылған аксессуарларды немесе қосалқы бөлшектерді утилизациялағанда, 9-тараудағы «Осы өнімді тиісті түрде утилизациялау» бөлімін оқып, орындаңыз.
• Бұл мониторды ұзақ уақыттан кейін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. 7-тарауды қараңыз.

Деректерді тасымалдау
• Көрсеткіштер смарт құрылғыға тасымалданып жатқанда, батареяларды АУЫСТЫРМАҢЫЗ. Өйтпесе монитор дұрыс жұмыс істемеуі және қан қысымы деректері тасымалданбауы мүмкін.

Батареяны қолдану және пайдалану

• Батареяларды полярлылықтарын дұрыс емес туралап САЛМАҢЫЗ.

• Бұл монитормен ТЕК 2 «AAA» сілтілік батареясын пайдаланыңыз. Басқа түрдегі батареяларды пайдалануға БОЛМАЙДЫ. Ескі және жаңа батареяларды бірге пайдалануға БОЛМАЙДЫ. Батареялардың әртүрлі брендтерін бірге ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

• Егер бұл монитор ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяларды алып тастаңыз.

• Көзге батареядағы электролит тиіп кеткен жағдайда, оларды мол таза сумен жуып тастаңыз. Дерее дәрігермен кеңесіңіз.

• Егер батарея сұйықтығы теріге түссе, теріңізді көп мөлшердегі таза, жылы сумен дереу жуыңыз. Егер тітіркену, жарақаттану немесе ауырсыну болса, дәрігермен кеңесіңіз.


• Батареяларды жарамдылық мерзімі өткеннен кейін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

• Батареялар жақсы күйде жұмыс істеп тұрғанын жиі тексеріп тұрыңыз.
• Осы мониторға арналған батареяларды ҒАНА пайдаланыңыз. Үйлеспейтін батареяларды пайдалану бұл мониторға зақым келтіруі және/немесе зиянын тигізуі мүмкін.

1. Монитор туралы ақпарат


1.1 Мазмұны
Монитор, 2 «AAA» сілтілік батареясы, қаптама, пайдалану нұсқаулығы, реттеу нұсқаулары

1.2 Монитор



- Білек манжетасы (Білек орамы: 13,5–21,5 см)
- Дисплей
- Батареяларға арналған бөлік
- [Connection] (Байланыс) түймесі
- [START/STOP] түймесі

1.3 Дисплей және белгілер



A	Систолалық қан қысымының көрсеткіші		
B	Диастолалық қан қысымының көрсеткіші		
	Манжетаның дұрыс тағылғанының белгісі (OK) <p>Өлшеу кезінде білек манжетасы білекке дұрыс тағылған кезде пайда болады. Ол бұрынғы көрсеткіштерді қараған кезде де көрсетіледі.</p>		
C	Манжетаның дұрыс тағылмағанының белгісі (бос) <p>Өлшеу кезінде білек манжетасы білекке дұрыс тағылмаған кезде пайда болады. Ол бұрынғы көрсеткіштерді қараған кезде де көрсетіледі.</p>		
	Жүрек соғысының белгісісі <p>Өлшеу кезінде жыпылықтайды. Систолалық қан қысымы 135 мм сын. бағ. немесе одан жоғары және/немесе диастолалық қан қысымы 85 мм сын. бағ. немесе одан жоғары болған кезде пайда болады.</p>		
E	Декомпрессия белгішесі <p>Манжетадан ауа шығып жатқан кезде пайда болады.</p>		
	«Bluetooth ҚОСУЛЫ» белгісі <p>Bluetooth қосылған кезде көрсетіледі.</p>		
	«Bluetooth ӨШІРУЛІ» белгісі <p>Bluetooth өшкен кезде көрсетіледі.</p>		
G	Синхрондау белгісі <p>Жад толайын деп қалған немесе толған кезде, деректерді тасымалдау қажет болғанда жыпылықтайды/көрсетіледі. Мониторды смарт құрылғымен жұптанылған кезде, монитор ескі көрсеткіштерді өшірмегенше, көрсеткіштерді дереу тасымалдаңыз. Ішкі жадта көп дегенде 30 көрсеткіш сақтауға болады.</p>		
	Батарея белгішесі (төмен) <p>Батареялар қуаты аз қалғанда жыпылықтайды.</p>		
H	Батарея белгішесі (біткен) <p>Батареялар қуаты таусылған кезде пайда болады.</p>		
I	Қалыпты емес жүрек соғысының белгішесі <p>Өлшеу кезінде жүрек соғуының ырғақсыздығы 2 немесе одан көп рет анықталса, көрсеткіштермен бірге пайда болады. <p>Жүрек соғуының ырғақсыздығы дегеніміз — монитор қан қысымын өлшеп жатқан кезде анықталған орташа тамыр соғысының 25%-дан кем немесе 25%-дан жоғары соғысы, Егер ол көрсетіле берсе, дәрігермен кеңесіп, нұсқауларын орындауды ұсынамыз.</p> <p>Тұрақты жүрек соғысы <p>Артериялық қысым</p> <p>Жүрек соғысының қалыпсыз ырғағы <p>Қысқа Ұзақ <p>Тамыр соғысы <p>Артериялық қысым</p></p></p></p></p></p>		
J	Тамыр соғысы дисплейі/Жады нөмірі <p>Тамыр соғу жиілігі өлшеуден кейін пайда болады.</p>		

Артериялық гипертензияны бақылауға арналған 2013 ESH/ESC* нұсқаулары

Кеңседегі және үйдегі артериялық қысым деңгейлері бойынша гипертензияның анықтамалары

	Кеңсе	Үй
Систолалық қан қысымы	≥ 140 мм.сын. бағ.	≥ 135 мм.сын. бағ.
Диастолалық қан қысымы	≥ 90 мм.сын. бағ.	≥ 85 мм.сын. бағ.

Бұл ауқымдар — қан қысымының статистикалық мәндері.

* Еуропалық гипертензия қауымдастығы (ESH) және Еуропалық кардиологиялық қауымдастық (ESC).

⚠Ескерту

• Көрсеткіштердің негізінде ЕШҚАШАН өзінiз диагностикаламаңыз немесе емдемеңіз. ҮНЕМІ дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

2. Дайындау шаралары

2.1 Батареяларды орнату

1. Батарея қақпағының ілмегін басып, төмен қарай тартыңыз.



2. Батареяға арналған бөлікте көрсетілгендей 2 «AAA» сілтілік батареясын салыңыз.

3. Батарея қақпағын жабыңыз.



Ескертпе

- Дисплейде «» белгісі жыпылықтаса, батареяларды ауыстырған жөн екенін білдіреді.
- Батареяларды ауыстыру үшін мониторды өшіріп, барлық батареяны алып тастаңыз. Содан кейін 2 сілтілік батареяны бірге ауыстырыңыз.
- Батареялар ауыстырылса да, бұрынғы көрсеткіштер жойылмайды.
- Бірге берілген батареялар жаңа батареяларға қарағанда қысқарақ қызмет етуі мүмкін.
- Пайдаланылған батареялар жергілікті ережелерге сәйкес утилизациялануы керек.
- Батареялар дұрыс орнатылғаннан кейін, жұптастыруды бастауға арналған «Р» әрпі дисплейде жыпылықтайды. Мониторды жұптастыру үшін 2.2 бөлімін қараңыз. Батареялар орнатылған кезде, монитор смарт құрылғымен жұптастырып қойылған болса, «O» әрпі жыпылықтайды. Ол жыпылықтаса, көрсеткіштерді тасымалдаңыз.

2.2 Мониторды смарт құрылғымен жұптастыру

Келесі сілтемеден үйлесімді смарт құрылғылардың тізімін қарап шығыңыз: www.omronconnect.com/devices/

1. Смарт құрылғыдан Bluetooth қосыңыз.


2. Смарт құрылғыңызға тегін «OMRON connect» қолданбасын жүктеп алып, орнатыңыз.




«OMRON connect» қолданбасы болса, оны ашып, мониторды қосыңыз.

3. Смарт құрылғыда қолданбаны ашып, нұсқауларды орындаңыз.

4. Монитордың байланысқанын растаңыз.



Монитор смарт құрылғымен байланысқан кезде, «OK» белгісі пайда болады.



Ескертпе

- «Err» (қате) белгісі пайда болса, «OMRON connect» қолданбасындағы нұсқауларды орындаңыз.
- Ешқандай әрекет орындалмаса, монитор 10 секундтан кейін автоматты түрде өшеді.
- Монитор жадында қазір сақталған кез келген көрсеткіштер жұптау процесі орындалғаннан кейін қолданбаға автоматты түрде жіберіледі.
- OMRON компаниясы қолданбадағы деректердің және/немесе ақпараттың жоғалуына жауапты емес екенін ескеріңіз.
- Деректер дұрыс тасымалдануы үшін, монитормен бірге тек «OMRON connect» қолданбасын пайдалануға кеңес береміз.

2.3 Қан қысымын өлшеу кеңестері
Дұрыс түсініп оқу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:
• Күйзелу қан қысымын арттырады. Күйзеліс кезінде өлшеуді орындамаңыз.
• Өлшеу тыныш жерде орындалуы қажет.
• Қан қысымын әр күні бір уақытта өлшеген маңызды. Оны таңертең және кешке орындауға кеңес беріледі.
• Қан қысымының және тамыр соғысының көрсеткіштерін дәрігеріңіз үшін жазып алуды ұмытпаңыз. Бір өлшем дұрыс қан қысымыңыздың дәл көрсеткішін көрсетпейді.
Белгілі бір уақыт аралығы үшін бірнеше көрсеткіштердің жазбаларын сақтау үшін қан қысымы күнделігін пайдаланыңыз. Күнделіктің PDF файлдарын жүктеп алу үшін www.omron-healthcare.com веб-сайтына кіріңіз.

⚠Назар аударыңыз

• Өлшеу жасауға дейінгі кемінде 30 минут аралығында суға түсуге, алкоголь немесе кофеин қабылдауға, шылым шегуге, дене жаттығуларын орындауға және ас ішуге болмайды.
• Өлшеуге дейін кемінде 5 минут бойы демалыңыз.

2.4 Манжетаны тағу

Ескертпе

- Келесі қадамдар білек манжетасын білекке тағуға арналған. Өлшемді оң жақ білектен алсаңыз, манжетаны сол жақ білекке тағу үшін орындалған қадамдарды қолданыңыз.
- Оң және сол жақ білектегі қан қысымы екі түрлі және оның өлшенген сәйкестіктері де әртүрлі болуы мүмкін. OMRON компаниясы қан қысымын үнемі бір білектен өлшеуді ұсынады. Екі білек арасындағы көрсеткіштер айырмашылығы үлкен болса, өлшем алу үшін қай білекті пайдалану керектігін дәрігерден сұраңыз.

⚠Назар аударыңыз

• Өлшеу барысында білегіңізден жабысып тұратын, қалың киімді және әшекейлерді шешіңіз.

1. Манжетаны сол жақ білекке тағыңыз.
Жеңін түріп қойыңыз. Жеңнің қолды қатты қысып тұрмағанын қадағалаңыз. Өйтпесе қолыңыздағы қан ағынына кедергі келуі мүмкін.

2. Манжетаны білекке тағыңыз.
Алақан мен монитор дисплейі жоғары қаратылуы тиіс.



Білек манжеті

3. Алақанның төменгі жағы мен манжета арасында 1–2 см қалдырып, білек манжетасын орнатыңыз.



4. Манжетамен білекті қатты айналдыра ораныз. Манжетаны киімнің үстіне салуға болмайды
Білек пен манжета арасы бос болмауы тиіс.



Ескөртпе

- Білектегі манжета білектің сыртындағы қар сүйегінің шығып тұрған бөлігін жауып қалмауын қадағалаңыз.

2.5 Дұрыс отыру

Өлшеу үшін жалпы бөлме температурасында босансыған қалыпта отыру қажет. Шынтақты үстел үстіне қойып, қолыңызды тіреңіз.

• Аяғыңызды бүкпей, табандарды жерге толық тигізіп, орындыққа отырыңыз.
• Қолыңызбен тіреп, артқа қарай отырыңыз.
• Монитор шамамен жүрек деңгейінде болуы тиіс. Монитор жүрек деңгейінен тым жоғары болса, қан қысымы жалған нәтиже көрсетіп, төмен болады. Монитор жүрек деңгейінен тым төмен болса, қан қысымы жалған нәтиже көрсетіп, жоғары болады.
• Білегіңіз бен саусақтарыңызды босатыңыз. Білегіңізді алға немесе кейін қарай бұрмаңыз, сондай-ақ жұдырығыңызды жұмбаңыз.



3. Мониторды пайдалану

3.1 Өлшеу жасау

Ескертпе

- Өлшеуді тоқтату мақсатында қол манжетасынан ауа шығару үшін [START/STOP] түймесін басыңыз.

⚠Назар аударыңыз

• Бұл мониторды басқа медициналық электрлік (МЭ) жабдықпен бір мезгілде ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл монитордың дұрыс жұмыс істемеуіне және/немесе қате көрсеткішке әкелуі мүмкін.

• Өлше

